

«КЕЛІСІЛДІ»

Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және инновациялар жөніндегі проректор



Е.Р. Керімбеков

«09» / «01» 2026 ж.

«БЕКІТЕМІН»

Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің Басқарма мүшесі – Академиялық мәселелер жөніндегі проректор



Ж.О.Жилбаев

«01» / «01» 2026 ж.

### Оқу үдерісіне ҒЗЖ ендіру АКТІ

«Физикадан интеграциялық қысқа мерзімді жоспар тақырыптары (10 сынып)» атты оқу құралын оқу үдерісіне енгізу туралы

Осы акт «Физикадан интеграциялық қысқа мерзімді жоспар тақырыптары (10 сынып)» атты оқулықты 2025–2026 оқу жылынан бастап оқу үдерісіне енгізу мақсатында жасалды.

Физика кафедрасының аға оқытушысы Э.К. Кожабекованың авторлығымен дайындалған «Физикадан интеграциялық қысқа мерзімді жоспар тақырыптары (10 сынып)» атты оқулық жоғары оқу орындарының 6В01502 – Физика мұғалімін даярлау, 6В01510 – Физика–информатика мұғалімін даярлау, 6В01508 – Математика–физика мұғалімін даярлау білім беру бағдарламалары бойынша білім алушыларға арналған. Оқулық «Физиканы оқыту әдістемесі» пәнінің оқу бағдарламасына сәйкес құрастырылған.


«Физиканы интеграциялап оқыту әдістемесі» пәні аясында әзірленген бұл оқулықта пәнаралық байланысты жүзеге асыруға арналған әдістемелік материалдар қамтылған. Онда білім алушылардың пәндік білімдеріне сүйене отырып, физикалық құбылыстарды басқа пәндермен және жасанды интеллект мүмкіндіктерімен кіріктіре оқыту жолдары көрсетілген. Сонымен қатар, тақырыптық жоспарлар мен қысқа мерзімді жоспарларды құруға арналған үлгілер берілген. Оқулықта физиканың негізгі ұғымдары, заңдары мен қағидалары тарих, қазақ әдебиеті, музыка, география және биология пәндерімен байланыстыра отырып ұсынылған.

Оқулықтың негізгі мақсаты – студенттерге пәнаралық байланысты тиімді жүзеге асыру жолдарын меңгерту, жасанды интеллектті оқу үдерісінде орынды қолдана отырып қысқа мерзімді жоспарлар әзірлеу бойынша кәсіби дағдыларын қалыптастыру және оқу процесін тиімді ұйымдастыруға ықпал ету. Ұсынылған қысқа мерзімді жоспарлар білім алушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытуға, ғылымдар арасындағы өзара байланысты терең түсінуге мүмкіндік береді.

Аталған оқулықты пайдалану барысында студенттер физиканы оқыту әдістемесін меңгерумен қатар, пәнаралық байланыстарды қолдану арқылы оқушылардың танымдық қабілеттерін дамытуға қажетті теориялық білім мен практикалық дағдыларды игереді.

Физика кафедрасының аға оқытушысы Э.К.Кожабекованың авторлығымен жарық көрген Физикадан интеграциялық қысқа мерзімді жоспар тақырыптары (10 сынып)» атты оқу құралы Ө.Жәнібеков атындағы ОҚПУ 2025-2026 оқу жылының «Физиканы оқыту әдістемесі» пәнін оқыту үдерісіне ендірілігенін растаймыз.

Физика кафедрасының меңгерушісі




Әбдіқадыр Б.З

Оқу құралының авторлары




Кожабекова Э.К

Академиялық істер департаментінің директоры



Бердалиев Д.Т

Ғылыми зерттеулер офисінің басшысы



Сансызбаев А.С